



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 ақпандағы N 159 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 сәуір N 159а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 ақпандағы N 159

P020159_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтағы "6" деген сан "8" деген санмен ауыстырылсын;
осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес 7 және 8-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 23 сәуірдегі

N 159а қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 4 ақпандағы

N 159 қаулысына

7-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2002 жылға арналған "Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының
материалдық-техникалық базасын нығайту" 201 республикалық

бюджеттік бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1421 мың теңге (бір миллион төрт жүз жиырма бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1235 U931235_ Жарлығы, "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 977 P930977_ қаулысы, "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3614 U973614_ Жарлығы, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3614 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 130 U990130_ Жарлығы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-1 Z970163_ Заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық

бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты үшін активтер сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N !Бағ. !Шағын !Бағдарламалар.!Бағдарламаларды (шағын!Іске ! Жауапты
р/с!дар. !бағдар.!дың (шағын !бағдарламаларды) іске !асыру !орындаушы.
!лама.!ламаның!бағдарламалар.!асыру жөніндегі іс- !мерзімі!лар
!ның !коды !дың) атауы !шаралар ! !
!коды ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 201 Қазақстан Офистік АТС, сондай-ақ Жыл Қазақстан
Республикасы. жиһаздар: 9 орындық, бойына Республика.

ның Президенті 17 тумба, 22 үстел, сы Прези.
жанындағы 8 шкаф, 4 кітап сөресін дентінің
Қазақстан сатып алу Әкімшілігі
стратегиялық
зерттеулер
институтының
материалдық-
техникалық
базасын
нығайту

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының материалдық-техникалық базасын толық жарактандыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 23 сәуірдегі
N 159а қаулысына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 4 ақпандағы
N 159 қаулысына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2002 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Президенті
жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтына
ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" 500 республикалық
бюджеттік бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 3225 мың теңге (үш миллион екі жүз жиырма бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер

институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1235 U931235_ Жарлығы, "Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 977 P930977_ қаулысы, "Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3614 U973614_ Жарлығы, "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 3614 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 130 U990130_ Жарлығы, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 163-1 Z970163_ заңы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтына ақпараттық-есептеу қызметін көрсету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан ішкі және сыртқы саясаттың өзекті проблемалары бойынша ғылыми-талдау ұсыныстарын әзірлеу жөніндегі іс-шараларға қажетті ақпараттық-есептеу қызметін көрсетуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

N !Бағ. !Шағын !Бағдарламалар.!Бағдарламаларды (шағын!Іске ! Жауапты
р/с!дар. !бағдар.!дың (шағын !бағдарламаларды) іске !асыру !орындаушы.
!лама.!ламаның!бағдарламалар.!асыру жөніндегі іс- !мерзімі!лар
!ның !коды !дың) атауы !шаралар ! !
!коды ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1	500	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер	Институттың жоспарлы тақырыптық әзірленімдері бойынша орта есеппен 24 семинарына, сондай-ақ шамамен 12 конференциясы мен Дөңгелек үстеліне	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
---	-----	--	--	----------	---

институтына ақпараттық-есептеу
ақпараттық- қызметін көрсету
есептеу (ақпараттық
қызметін материалдармен
көрсету қамтамасыз ету,

электрондық мұрағат
жасау, Институттың
сайтында электрондық
конференциялар
ұйымдастыру).

Елдің аймақтарында
ақпаратты жинап,
талдап және бас
кеңсеге интернет
желісі арқылы
институттың ішкі
ақпараттық базасына
қолма-қол бере отырып,
далалық зерттеулер
жүргізу.

Астана қаласында
филиалдың жергілікті
есептеу желісін құрып,
оны Институттың
ақпараттық ресурсына
қосу. Қажетті
қауіпсіздік деңгейін
ұстап тұру, талдау
материалдарының
ақпараттық деректер
қорының жұмысын
қамтамасыз ету.

Жоғарыда аталған
іс-шараларды іске
асыру үшін 2 сервер,
тұсаукесер үшін бір
проектор, 2 портативтік
компьютер сатып алу.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ақпараттық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, Мемлекет басшысы үшін дайындалатын ғылыми және талдамалы зерттеулердің сапасын жақсартады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.